

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/DPTH7913>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/QVBI2512>

***Г. Т. Тлеубердина¹, Б. К. Хумар², Г. Т. Батыргалиева³**

^{1,2}Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,

Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.

³№ 3 Шортанды орта мектебі, Қазақстан Республикасы

ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІНІҢ ФОЛЬКЛОРМЕН АРАҚАТЫНАСЫ

Бұл мақалада Қаз дауысты Қазыбек бидің шешендік мұралары мен ауыз әдебиеті нұсқаларының арақатынасы, ерекшелігі, ұқсастықтары қарастырылады. Қазыбек би жайлы ғалымдар тарапынан берілген пікірлер сөз болып, оның қоғамдық тұлғасы айқындалады. Бүгінгі күні де өзекті мәселе болып келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілеріндегі мәселелер Қазыбек би мұраларымен салыстырылып сипатталған. Фольклордың әр жанрындағы халық даналығы, дүниетанымы, ой-түйіні шешендік сөздермен байланысы жан-жақты сөз болады. Қазыбек би мұраларының, шешендік сөздерінің магиялық күші, шешендік арнауының бір түрі тілек-баталардың жанрлық ерекшелігі, бүгінгі күні мақал-мәтелге айналып кеткен шешендік сөздері, мұралардың көпнұсқалылығы, жұмбақпен байланысы сараланады. Әрбір жанрдың мақсаты мен мәні айқындалып, шешендік сөздердің қоғамдық сипаты анықталады. Шешендік мұралардың қоғамдық қызметі, саяси ролі, бай ауыз әдебиеті үлгілерімен байланысы, ауыз әдебиетінде ғылыми қалыптасқан пікірлердің Қазыбек би мұраларынан алатын орны, ондағы ұқсастық пен ерекшелік талданады. Қазыбек би Келдібекұлы шешендік мұраларының фольклормен байланысы, арақатынасы жан-жақты зерттеледі. Зерттеу барысында Қазыбек бидің қоғамдағы ролі, оның шешендік сөздерінің саяси маңызы әрі оның фольклормен байланысын танымдық тұрғыда қарап, шығармашылығының ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Кілтті сөздер: шешендік сөздер, фольклор, шешендік арнау, тілек-баталар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, көпнұсқалылық.

Кіріспе

Қазақ ауыз әдебиетіндегі жанрлардың айрықша бір түрі – шешендік сөздер. Ол тек көркем, үйлесімді сөз өрнегі ғана емес, тәрбиелік мәнге ие, әділдікке, тапқырлыққа, ізгілікке шақыратын құрал, халық даналығының көрінісі. Шешендік сөздер жазба әдебиетке жақын жанр болғанымен, оның ауыз әдебиетіне тән қасиеттерін анық көре аламыз. Мәселен, шешендік сөздердің бастапқы қалыпта сақталмай, таратушылардың, жеткізушілердің тарапынан жаңғырып, өңделіп жеткендігін айтуға болады. Дана халқымыз «Тура биде туған жоқ...», – деп, шеше алмаған дауларын, мәселелерін би-шешендерге сеніп тапсырған.

Қазақтың атақты би-шешендерінен есімі дара аталатын үш тұлға – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би. Олар ел басқару ісіндегі бітімгерлік қасиетімен, тапқырлығымен, «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен» әділдігімен, дау-жанжалды шешудегі даналығымен халық арасында аңызға айналған. Аталған билер туралы Елбасы Н. Назарбаев өз сөзінде: «Үш данагөйдің өнегелі өмірі, ел қамын жеген адал еңбегі, топ бастаған көсемдігі, от ауызды, орақ тілді шешендігі, мүлтіксіз әділдігі жөніндегі айтар әңгіме аз емес. Олардың аузынан шыққан бітімді бата, кесімді баға, ордалы ой, бейнелі теңеу, төрт аяғы тең жорға толғаулар ғасырдан ғасырға жұрт жадында жатталып, бүгінгі күнге жетті. Осынау асыл мұра – билер сөзі кім-кімді де таңдандырмай, тамсандырмай қоймайды» [1, 3], – деп түйіндеген. Бұл пікірді атақты билерге берілген әділ баға деп есептейміз.

Біз, қазақ деген – мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,

Найзаға үкі таққан елміз [1, 11], – деп қалмақ қоңтайшысын өз жауабымен тәнті етіп, он төрт жасында ел ісіне араласқан, бала жасынан алғырлығымен көзге түскен атақты би – Қаз дауысты Қазыбек би Келдібекұлы. Ол Абылай хан тұсында саяси-мәдени өмірге өз ықпалын тигізген, ел қамын ойлаған бітімгер, дара тұлғаның бірі. Орта жүздің Арғын руынан, оның ішінде Қаракесектен шыққан бидің әкесі – Келдібек би, ал бабасы Бошан алты алашты аузына қаратқан шешен, би болғаны белгілі. Бабаларының жолымен жүрген Қазыбек би де өзінің мақсатын, мұратын халқының қамы үшін, тыныштығы мен берекесі үшін сарп еткен тұлға болды. Қазыбек би Келдібекұлы жөнінде Шоқан Уәлихановтың Орта жүздің Қаракесек руынан шыққан, XVII ғасыр аяғындағы атақты би Қазыбек бидің болғандығын айтқан дерегінен сөзімізге дәлел таба аламыз.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде Қаз дауысты Қазыбек би туралы ғылыми зерттеу еңбектер мен жинақтар алынды. Ғылыми еңбектердегі ғалымдар пікірі салыстырылды.

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми теориялық еңбектерді сұрыптау; жалпылау-жалқылау әдістері арқылы фольклор мен шешендік сөздердің ерекшелігі айқындалды.

Нәтижелер және талқылау

Қазыбек би жайлы сөз қозғаған қазақ зерттеушілері аз емес. Оның бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ғалым 1926 жылы Ташкент қаласында жарық көрген «Әдебиет танытқыш» еңбегінде шешендік сөздерді саясат шешен сөз, билік шешен сөз, қошемет шешен сөз, білімдік шешен сөз деп топтай келіп, афоризм ретінде келтірілген. Қазыбек биден қалған шешендік сөздерді білімділік шешен сөздің қатарына қосқанымыз жөн екендігін айтады. Бұл пікірмен әбден келісуге болады. Себебі, Қазыбек бидің сөздерінен білімділік, тәрбиелік, танымдық сипат кеңінен көрініс тапқан. Оны төмендегі үзіндіден анық аңғара аламыз:

Балаң жаман болса,
Көрінгеннің мазағы.
Атың жаман болса,
Шыбын жанның азабы.
Қатын жаман болса,
Бұл жалғанның тозағы.
Туған балаң жақсы болса,
Екі көздің шырағы.
Мінген атың жақсы болса,
Бұл дүниенің пырағы.
Алған жарың жақсы болса,
Мейманыңның тұрағы [1, 12].

Бұл жолдардан Қазыбек би тұлғасының туған халқының шынайы жанашыры бола білгеніне, ел бірлігін сақтау үшін отбасының маңызды екенін баса көрсетіп, зерделі сөздерімен тәрбиелік құндылықты дәріптегеніне, өз ұлтына шебер тілімен, шешен сөздерімен рухани азық болғанына көз жеткіземіз. Қазыбек бидің даналығы келер ұрпаққа қашанда аңыз боп айтылатын, мың жылдық азық, мұра екені сөзсіз. Халыққа пана болған сәттері тарихтан-ақ баршамызға аян. Еліміз басынан «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» нәубетін кешірген кездерде де Абылай, Барақ сынды сұлтандардың арасындағы араздықты, алауыздықты жою мақсатында ынтымаққа шақырып, өзара татулығын нығайтқаны белгілі. Абылайдың тұтқынға түскен сәттерінде де бітімгерлікті өз қолына алып, ел іргесі сөгілмеуі үшін еңбектенген. Бұл

саяси қыры болғанмен де, оның қолданар қаруы сөз болды десек артық емес. Және әдебиетіміздің даму тарихында, тіліміздің даму тарихында бұл көркем сөз үлгілері өз кезеңінің миссиясын толық атқарғаны даусыз. Қазыбек бидің ұлы Қазақ елін нығағайтуға қосқан үлесін дәріптеп жырына арқау еткен Ахмет Байтұрсынұлы:

Қаз дауысты Қазыбек,
Жетім қалған халқыңа
Тұлға болып артыңа
Кім тиянақ қазық ед?
Құнсыз болып еріміз,
Жесір болып жеріміз,
«Жан менікі» дей алмай,
Ит пен құсқа азық ек [1, 14], – деп жырлайды.

Қазақ танымындағы ауыз әдебиеті шығармаларының көпшілігінен сөзге сену, сөз қуатын түйсіну құбылысын кездестіруге болады. Бұл құбылыс халық санасында да, тілдік құбылыс ретінде де берік сақталған. Әсіресе, сөзге тоқтау, сөз қадірін түсіну, яғни сөзге сену ауыз әдебиетіміздің бір саласы мақал-мәтелдерде көбірек ұшырасады. Сонымен қатар шешендік сөздерді зерттеу барысында да, олардың магиялық күшімен қатар прагматикалық әсерін де қарастырып жатады. Қаз дауысты Қазыбек бидің де бұған ұқсас мұраларын атап көрсетуге болады. Жалпы Қазыбек бидің шешендік сөздерінің өзі ауыз әдебиеті үлгілерімен тығыз байланысты екенін сеніммен айта аламыз. Оның дәлелін де келтіре аламыз. Қазыбек би шешендігі фольклордың әр саласынан әркілы көрініс тауып отырғанын да байқаймыз.

Қаз дауысты Қазыбек би Келдібекұлынан қалған біршама мұралардың бірі, шешендік арнауға жататын – тілек баталар. Ауыз әдебиетіміздің ерекше бір түрі бата-тілек адамды жебеп желейтін қуатты сөз, көрікті ой. Ал санаға, ақылға негізделген бата-тілек адамның санасының, ақылының биіктігін білдіре отырып, өзіндік астарлы мағынаға ие әрі тыңдаушыға, құлақ салып отырған қауымға берер қуатты әсері мол. Ол жөнінде «...сөз магиясынан туған бата-тілек ислам дінінің қазақ жеріне енуіне орай фатиха-батамен дамытылып, өзінің өміршендігін сақтаған» [2, 70], деген пікірге де жолығамыз. Адам санасы өсіп, қоғам жетілуіне байланысты бұл пікірді негізсіз дей алмаймыз. Қазыбек би бір батасынан мысал келтіре кетсек:

Өркенім өссін десең,
Кекшіл болма.
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссін десең,
Өршіл болма.
Өскенінді өшірерсің,

Басына іс түскен пақырға,
Қастық қылма,
Қайғысы көшер басыңа [1, 142].

Қазақ халқы бата-тілекті адамның жолы ақ болуына, ынтымақ пен береке орнауына, жақсылықтың алдынан шығуына, көсегесі көгеріп көктеуіне, ұрпағының амандығына әсер етуші ең қасетті, ең құдыретті сөз деп ұғынып, оның күшіне сенген. Батаны күнделікті ас ішіп болғаннан кейін де үй үлкені беріп, отбасының амандығын тілеп, жолдарының ашық болуын тілеп, бастарына береке сұраған. Жақсы, таза ниетке құралған бата-тілек әрдайым қабыл болатынына үлкен сенім артқан. «Қазақ әдебиетінің тарихы» еңбегінің I томында бата жайында «Бата берудің өз жоралғысы бар. Бата беру өте құрметті іс деп саналады, өйткені, бата – қасиетті сөз деп есептеледі» [3, 171], – деген ой айтылады. Ал, халық арасында бата жайлы «Багаменен ел көгереді», «Багалы сөз – балаға азық» сияқты мақал-мәтелдер кездеседі. Осы мақалдардан-ақ бата-тілектің қандай күші, әсері болғанын байқай аламыз.

Ауыз әдебиетінің бір түрі – мақал мен мәтелдер. Академик Ә. Қайдар мақал-мәтелдерге байланысты ғылымдағы қалыптасып қалған «Мақал-мәтелдердің авторы жоқ» деген пікірді әрі дұрыс, әрі бұрыс пікір дейді. Оның бұрыстығын «мақал-мәтелдің қандай түрі болмасын, ғайыптан пайда болған, не ел-жұрт жиналып, ақылдасып, кеңесіп шығарған дүние емес. Олар халық арасынан шыққан ділмар-шешендердің, дарынды да дана тұлғалардың, ақын-жырау, көңілі көрікті, кеудесі ояу, көргені мен көңілге түйгені мол қазыналы қарттардың өз өмір-тіршілігінен алған тағылымынан алған ой түйіндері» [4,4], – деп көрсетеді. Біз бұл пікірмен келісе отырып, сол ділмар-шешендердің қатарына – Қаз дауысты Қазыбек биді де жатқызамыз. Қазыбек би Келдібекұлының шешендік сөздерінің де бүгінгі күні мақалға айналып кеткендері қаншама. «Мақал – сөздің көркі», «Мақал – сөздің мәйегі» дейді дана халқымыз. Ол көркем сөзден құралған ойдың жемісі, халық өмірінің айнасы, даналық үлгісі, нақыл сөз. Кейде тура, кейде ауыспалы мағынада айтылатын нақыл сөздің бұл түрі тақырып аясы жағынан өте кең. Қазыбек бидің мақал-мәтелге айналып кеткен сөздері тура мағынада қолданылғанымен де, енді бір жағынан астарлы мағынаны үстеп тұратындай. Мысалы, «Бір қолың ұрысшы болса, екінші қолың арашашы болсын» деп, астарында сабырға шақыру, ақылға шақыру мағынасы жатқанын көре аламыз. «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос» мақалында адамның көбі жауды сыртқы дүниеден іздеп жататыны, ал оның шын мәнінде ішкі жан дүниемізде жатқан ашуда екені астарлы түрде беріліп тұр. Ал «Жауға сілтер қаруыңды жақыныңа сілтеме» мақалында татулықты, бірлікті дәріптеп, ынтымаққа шақырып тұрғанын аңғарамыз. Аталған мақалдардың барлығы ел іргесі сөгілмеуін көздеп, ел бірлігін, татулығын, ынтымағын сақтауды

нысанаға алғаны Қазыбек бидің мәмілегер, бітімгер туған халқына әділ билік жүргізген шешен екенінің тағы бір дәлелі [5, 6].

Фольклордың тағы бір ежелгі түрі – жұмбақтар, тапқырлыққа, зеректікке, алғырлыққа үйретіп қана қоймай, даналыққа жетелейтін ерекше жанр. Жұмбақ туралы М. Әуезов «Қай кезде алсақ та жұмбақ өткір, ұшқыр сөз есебінде, халық арасында бағалы болған. Жұмбақты халықтың өзге тапқырлық сөздері қатарында саяси құрал есебінде тап жауына қарсы қолданған орындар да аз емес» [6, 3], – деп қорытады. Әрі оны ақындардың да шығармаларында ұтымды қолданғандығын, кейде жұмбақты өлеңдетіп, шешуінде өлеңмен шебер бергенін айтады. Бүгінгі жұмбақтардың негізі сонау ауыз әдебиеті мұраларынан бастау алып, би-шешендердің де сөздерінде айтылып, шешендіктің үлгісі болып қалыптасқанға ұқсайды. Мәселен, Қазыбек бидің атақты Бұқар жыраудың көңілін сұрауға барғандағы Бұқардың онға дейінгі санның мәнін сұрауын айтуға болады. Сонда, Қазыбек би онға дейінгі санның сырын былай деп ашқандығын білеміз:

Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегеніміз – егесіп өткен ер жаман.

Үш дегеніміз – үш бунақты шідерден қорыққан ат жаман.

Төрт дегеніміз – төскейге шыққан кәрілік жаман.

Бес дегеніміз – білікті адамнан белгілі бала тумаған жаман.

Алты дегеніміз – аймағын билей алмаған би жаман.

Жеті дегеніміз – жетем деген мақсатқа жете алмау жаман.

Сегіз дегеніміз – серкесіз бастаған қой жаман.

Тоғыз дегеніміз – толғанғаныңыз.

Он дегеніміз – өткеніңіз, о дүниеге жеткеніңіз [7, 3]. Осы жұмбақты тапқырлықпен шешкен Қазыбек бидің көрегендігі, даналығы жұмбақтың бар бойындағы қасиетін көрсетіп тұр. Жасырылған астарлы ой да, шешіміндегі көрегендік те адамды зеректікке баулиды, сөз қадірінің қуатын сездіреді. Бірлікке, татулыққа, адамгершілік асыл қасиеттерді дәріптеуге шақырады. Сөз құдыреті арқылы ел бірлігін сақтауды мақсат етеді. Осы ретте, әрине, би-шешендердің қоғамдағы рөлінің маңыздылығын, бітімгерліктен, мәмілегерліктен бөлек, халық үшін атқарған ерен еңбегін ескермеуге болмас. Қазыбек би Келдібекұлының мұралары оған нақты дәлел бола алады.

Қорытынды

Қаз дауысты Қазыбек би Келдібекұлы бала биден дана биге айналған, Орта жүздің көрнекті биінің есімі ауыз әдебиетіміздегі талай аңыз-әңгімеге арқау болған. «Қазақ шешендері» еңбегінде: «Сайып келгенде, Қазыбек атымен байланысты шешендік сөздер көптеген ұрпақтың жаттап жаңғыртуы, өңдеп өзгертуі нәтижесінде жалпы халықтық шығармаға айналып кеткен әдеби мұра болып табылады. Кезінде қағазға түсіп, бастапқы қалпында

сақталмағанмен, сөздері аңызға айналған Қаз дауысты Қазыбек – қазақтың дәстүрлі шешендік өнерін дамытуға өзіндік үлес қосқан әдеби қайраткер, әйгілі шешен» [8, 76], – деп нақты, әділ бағаға ие болған. Сөзіміздің растығы жоғарыда әбден дәлелденген. Қазыбек бидің туған жерін ауыз әдебиетіндегі «Алпамыс батыр» жырында жырланатын Жиделі Байсын жерімен де байланыстыру бар. Қорқыт қобызын тартқан, Асан қайғы желмаясына мініп желіткен жердің тарихи сырын ақтара отырып, «Ендеше, Қаз дауысты Қазыбектің туған жері де, өскен елі де Жиделі Байсын болды деуге себеп бар» [9, 129], – деген түйін жасайды ғалым Ж. Омари. Шындығында, шешеннің өскен жері, өнген ортасынан бастап ауыз әдебиетімен тығыз байланысы оның шешендік мұраларынан кеңінен көрініс тауып отыр. Қаз дауысты Қазыбек бидің бай шешендік мұралары ауыз әдебиетінен бөліп қарауға келмейтін, ерекше қазыналы қорымыз. Ауыз әдебиетімен сусындаймын деген адамға ұсынар рухани азығымыз.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Хамзин, М., Жанғожин, А., Оспанов Ж., Сүлейменов А.** Қаз дауысты Қазыбек би. Мақалалар жинағы. I том. – Алматы, 2017. – 475 б.
- 2 **Қасқабасов, С. А.** Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы, 2011. – 480 б.
- 3 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. I том. – Алматы, 2008. – 812 б.
- 4 **Қайдар, Ә.** Халық даналығы. Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу. – Алматы, 2004. – 560 б.
- 5 Бабалар сөзі : Жүзтомдық. Қазақ мақал-мәтелдері. – Астана, 2010. – 488 б.
- 6 **Аманжолов, С.** (Құрас.). Қазақ жұмбақтары. – Алматы, 2003. – 128 б.
- 7 **Артықбаев, Ж.** Қаз дауысты Қазыбек би. II том. – Алматы, 2017. – 475 б.
- 8 **Адамбаев, Б.** Қазақ шешендері. – Алматы, 2014. – 330 б.
- 9 **Омари Ж.** Қаз дауысты Қазыбек би. – Астана, 2000. – 320 б.
- 10 **Kiyakova R, Pleuberdina G.** Value of loan words in the creation of the linguistic and literary world. In *Astra Salvensis*. – No. 1/2021. – P. 59–65 [Electronic resource]. – <http://astrasalvensis.com/2021-2/>

References

- 1 **Khamzin, M., Zhangozhin A., Ospanov, Zh., Syleimenov, A.** Qaz dauysty Qazybek bi [Kazybek bi. Collection of materials. I tom] [Text] – Almaty, 2017. – 475 p.
- 2 **Qasqabasov, S.** Folklor zhane qazirgi qazaq adebiyeti [Folklore and modern Kazakh literature] [Text]. – Almaty, 2011. – 480 p.
- 3 Qazaq adebietinin tarikhy [History of Kazakh literature. Then volumes. Vol. I] [Text]. – Almaty, 2008. – 812 p.
- 4 **Qaidar, A.** Khalyq danalygy [Folk wisdom. Explanatory dictionary and research of Kazakh proverbs and sayings] [Text]. – Almaty, 2004. – 560 p.
- 5 Babalar sozi : Zhyztomdyq. Qazaq maqal-matelderi. [The words of the ancestors. One hundred volumes. Kazakh proverbs and sayings] [Text]. – Astana, 2010. – 488 p.
- 6 **Amanzholov, S.** (Qyras.). Qazaq zhymbaqtary. [Kazakh riddles] [Text] – Almaty, 2003. – 128 p.
- 7 **Artyqbaev, Zh.** Qaz dauysty Qazybek bi [Kazybek bi. II tom] [Text]. – Almaty, 2017. – 475 p.
- 8 **Adambaev, B.** Qazaq sheshenderi [Kazakh speakers] [Text]. – Almaty, 2014. – 330 p.
- 9 **Omari, Zh.** Qaz dauysty Qazybek bi [Kazybek bi] [Text]. – Astana, 2000. – 320 p.
- 10 **Kiyakova R, Tleuberdina G.** [Value of loan words in the creation of the linguistic and literary world] [Text]. In ASTRA Salvensis. No. 1/2021. – P. 59-65 [Electronic resource]. – <http://astrasalvensis.com/2021-2/>

Материал 07.12.21 баспаға түсті.

*Г. Т. Тлеубердина¹, Б. К. Хумар², Г. Т. Батыргалиева³

^{1,2}Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова,

Республика Казахстан, г. Кокшетау

³Шортандинская средняя школа № 3, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 07.12.21.

СООТНОШЕНИЕ ОРАТОРСКИХ СЛОВ КАЗ ДАУЫСТЫ КАЗЫБЕК БИ С ФОЛЬКЛОРОМ

В данной статье рассматривается соотношение, специфика, сходство ораторского наследия и устных версий Каз дауысты Казыбек би. О Казыбек би говорят мнения ученых, определяется его общественная личность. Проблемы в образцах устной литературы, которые остаются актуальными и сегодня, описаны в сопоставлении с наследием Казыбек би. Народная мудрость, мировоззрение, менталитет в каждом жанре фольклора связаны с ораторскими словами. Магическая сила наследия Казыбек би, ораторское мастерство, своеобразное ораторское посвящение дифференцируются с жанровыми особенностями желаний и благословений, ораторскими словами, ставшими сегодня пословицами и поговорками, многогранность наследия. Раскрываются цель и сущность каждого жанра, определяется общественный характер красноречия. Анализируются общественная значимость, политическая роль ораторского наследия, связь с образцами богатой устной литературы, место научно-обоснованных мнений в устной литературе, их сходство и своеобразие. В статье подробно исследуются связь, соотношение ораторского наследия Казыбек би с фольклором. В ходе исследования мы рассмотрели роль Казыбек би в обществе, политическое значение его ораторских слов и его связь с фольклором, остановились на особенностях его творчества.

Ключевые слова: ораторское слово, фольклор, ораторское посвящение, пожелание-благословение, пословицы, загадки, вариантность.

*G. T. Tleuberdina¹, B. K. Khumar², G. T. Batirgalieva³

^{1,2}Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov,
Republic of Kazakhstan, Kokshetau.

³Shortandinsky Secondary School №3, Kazakhstan.

Material received on 07.12.21.

RELATIONS OF ORATORICAL WORDS OF KAZ DAUYSTY KAZYBEK BI WITH FOLKLORE

In this article, we will consider the relationship, specifics, and similarities between the oratorical heritage of Kaz dauysty Kazybek bi and the variants of oral literature. The opinions of scientists about Kazybek bi are expressed, and his public personality is determined. The problems of oral literature samples, which are still relevant today, are described in comparison with the heritage of Kazybek bi. In each genre of folklore, the connection of folk wisdom, worldview, and thought with oratorical words is multifaceted. The magical power of Kazybek bi's heritage, oratorical words, a kind of oratorical initiation, the genre specifics of wishes-blessings, oratorical words that have become proverbs and sayings today, the authenticity of the heritage, the connection with the mystery are analyzed. The purpose and meaning of each genre are determined, and the social nature of public speaking is determined. The social activity, political role of the oratorical heritage, its connection with the rich samples of oral literature, the place of scientifically formed opinions in oral literature from the heritage of Kazybek bi, its similarity and originality are analyzed. The article examines the relationship and relationship of the oratorical heritage of Kazybek bi with folklore. In the course of the study, we will look at the role of Kazybek bi in society, the political significance of his oratorical words and their connection with folklore in a cognitive way, and focus on the peculiarities of his work.

Keywords: oratorical word, folklore, oratorical dedication, wish-blessing, proverbs, riddles, variation.

Теруге 07.12.2021 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

0,99 Мб RAM

Шартты баспа табағы 6,33. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3856

Сдано в набор 07.12.2021 г. Подписано в печать 30.12.2021 г.

Электронное издание

0,99 Мб RAM

Усл. печ. л. 6,33. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3856

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz